

"Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өндөлген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 1164 бүйрүғына өзгеріс енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 6 наурыздағы № 118 бүйрүғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 наурызда № 20113 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2022 жылғы 15 маусымдағы № 342 бүйрүғымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 15.06.2022 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.**

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Индустріялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өндөлген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 1164 бүйрүғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілмінде № 12652 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бүйрүқпен бекітілген Индустріялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өндөлген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу қағидалары осы бүйрүкқа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустріялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрүкты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрүкты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Индустрія және инфрақұрылымдық  
даму министрінің міндетін атқарушы

K. Ускенбаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы

Индустрія және

инфрақұрылымдық

даму министрінің

2020 жылғы 6 наурыздағы

№ 118 бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және

даму министрінің

міндетін атқарушының

2015 жылғы 4 желтоқсандағы

№ 1164 бұйрығымен

бекітілген

**Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өнделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу қағидалары**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өнделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 268-бабы З-тармағының екінші бөлігіне сәйкес әзірленді және индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өнделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеудің тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – индустрія және индустріялық даму және шикізат экспортын ілгерілету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және индустріялық-инновациялық қызметті және шикізат экспортын ілгерілету саласында мемлекеттік қолдауды іске асыруға қатысады жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) индустріялық-инновациялық қызмет субъектілері – экономиканың басым секторларында индустріялық-инновациялық жобаларды іске асыратын немесе отандық өнделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі және (немесе) сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша қызметтерді жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар;

3) оператор - жергілікті қамтуды дамыту саласындағы Ұлттық даму институты;

4) өтінім беруші – осы Қағидалардың шенберінде шығындарды өтеуге өтінім берген индустріялық-инновациялық қызмет субъектісі;

5) сәйкестікті растау - нәтижесі объектінің техникалық регламенттерде, стандарттарда немесе шарттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін құжаттамалық қуәландашу (сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты түрінде) болып табылатын рәсім.

3. Уәкілетті орган тиісті қаржы жылына арналған төлемдер бойынша жеке қаржыландышу жоспарына сәйкес бюджеттік бағдарламаның әкімшісімен бекітілетін төлемдер кестесіне сәйкес осы Қағидалар шенберінде индустріялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін

өтеуге байланысты мемлекеттік қолдау шараларын көрсету үшін көзделген қаражатты Оператордың ағымдағы шотына аударады.

4. Оператор индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өндөлген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу түріндегі мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуға бөлінген қаражатты басқару үшін бюджеттік бағдарлама әкімшісі және Оператор арасында жасалған шарт негізінде Қазақстан Республикасының резиденті – екінші деңгейдегі банкте ағымдағы шот ашады.

Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өндөлген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу тиісті қаржы жылына республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

5. Отандық өндөлген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну осы Қағидаларға 1-косымшаға сәйкес нысан бойынша берілген электрондық өтінім (бұдан әрі - өтінім) негізінде Оператордың шешімімен жүзеге асырылады.

6. Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Занына сәйкес отандық өндөлген тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және сапа менеджменті жүйелердің "Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын стандарттарымен белгіленген талаптарына сәйкестігін раставу кезінде шеккен шығындар, атап айтқанда:

1) отандық өндөлген тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін раставуға байланысты бағалауын жүргізу;

2) шығарылатын өнімнің сертификациялық және зертханалық сынақтарды жүргізу;

3) инспекциялық аудит пен бақылауды жүргізу;

4) сертификаттарды тіркеу;

5) сертификаттарды қайта рәсімдеу және ұзарту бойынша шығындарды өтеу арқылы жүзеге асырылады.

7. Индустриялық-инновациялық қызмет субъектісіне өтеуге ұсынылатын соманың 50%-ы, бірақ индустриялық-инновациялық қызметтің бір субъектісіне үш мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде негізделген және құжаттамалық расталған шығындары өтеледі.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалған бюджетке төленетін салықтар және басқа міндетті төлемдер өтеуге жатпайды.

8. Шығындарды өтеу ұлттық валютада жүргізіледі. Шетелдік валютада жұмсалған шығындарды қайта есептеу Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің

индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің отандық өнделген тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің және сапа менеджменті жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу бойынша төлемді аудару күні қолданыста болған валюта бағамдары бойынша жүзеге асырылады.

#### 9. Қарауға:

- 1) тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің отандық өндірушілері болып табылатын;
- 2) өтінімдерді қабылдау туралы хабарландыру шыққан күнге дейін соңғы 2 (екі) қүнтізбелік жыл ішінде осы Қағидалардың 6-тармағында көзделген шығыстарды шеккен;
- 3) салықтар, міндettі зейнетақы жарналары, міндettі кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша ұш айдан ұзаққа созылған берешегі жоқ ("Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексіне сәйкес төлем мерзімі ұзартылған жағдайларды қоспағанда) индустріялық-инновациялық қызмет субъектілерінің өтінімдері жіберіледі.

#### **2-тaraу. Индустріялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өнделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарын өтеу тәртібі**

10. Оператор өтінімдерді қабылдауды бастау туралы хабарландыруды уәкілетті органның, оператордың интернет-ресурстарында және/немесе веб-порталда орналастырады (өтінім электрондық нысанда берілген жағдайда).

11. Өтінім және осы Қағидалардың 12-тармағымен көзделген оған қоса берілетті құжаттар ақпараттық жүйе қолданысқа енгізілген күнінен бастап қүнтізбелік он күн өткеннен кейін тек веб- портал арқылы беріледі.

Өтінім электрондық нысанда ұсынылады және бірінші басшының немесе оның міндettін атқарушы адамның (бірінші басшының міндettтерін орындау туралы растау құжаты бар болған жағдайда) немесе жеке кәсіпкердің немесе оның уәкілетті тұлғасының (сенімхат бар болған жағдайда) немесе жеке тұлғаның электрондық-цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

Өтінімге осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес құжаттардың электрондық көшірмелерінің топтамасын қоса беріледі және бірінші басшының немесе оның міндettін атқарушы адамның (бірінші басшының міндettтерін атқару туралы растау құжаты бар болған жағдайда) немесе жеке кәсіпкердің немесе оның уәкілетті тұлғасының (сенімхат бар болған жағдайда) немесе жеке тұлғаның электрондық-цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

Өтінім беруші құжаттардың электрондық көшірмелердің толық топтамасын ұсынбаған жағдайда веб- портал өтінімді тіркеуден бас тартады.

12. Шығындарды өтеуді алуға үміткер өтінім беруші:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімді;

2) отандық өнделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта өткізу фактісін растайтын құжаттардың (шарттар, шот-фактуралар, орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер, тауарды жеткізу/қабылдау, өткізу актілерінің көшірмелері) көшірмелері;

3) ішкі нарыққа өткізілген тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қазақстандық шығу тегін растайтын құжаттардың ("СТ-КZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификаттың және/немесе индустримальдық сертификаттың) көшірмелері;

4) осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген отандық өнделген тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және сапа менеджменті жүйесінің сәйкестігін растау жөніндегі қызметтерді көрсету туралы шарттардың, орындалған жұмыс, көрсетілген қызмет актілерінің, шот-фактуралардың, төлем тапсырмаларының көшірмелері;

5) өнімнің, қызметтің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға, стандарттардың ережелеріне сәйкестігін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

6) сәйкестікті растау қызметтеріне ақы төлеу үшін сәйкестікті растау және валютаны айырбастау жөніндегі қызметтер берушіге ақы төлеу валютасының аударылғанын, айырбасталғанын растайтын банк куәландырган құжаттардың көшірмелері;

7) өтінім беруші және екінші дәрежелі банк арасындағы 20\_\_ жылғы "\_\_\_" — №\_\_\_\_ банк есебі шартының көшірмесі.

13. Өтінім беруші ұсынылатын құжаттардың толықтығы мен анықтығын қамтамасыз етеді.

14. Өтінім және оған қоса берілетін құжаттар мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде ресімделеді. Құжаттың көшірмесі шет тілінде ұсынылған жағдайда, өтінім беруші оның мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріне аудармасын қамтамасыз етеді.

15. Өтінім және оған қоса берілетін құжаттар:

1) бірінші басшы немесе оның міндетін атқарушы адам (бірінші басшының міндеттерін атқару туралы растау құжаты болған жағдайда) немесе жеке кәсіпкер немесе олардың уәкілетті тұлғасы (сенімхат болған жағдайда) немесе жеке тұлға әрбір парагын куәландырады. Өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды қойылған қолдың факсимильді көшірме құралдарын пайдалана отырып, куәландыруға жол берілмейді;

2) араб цифрларымен нөмірленеді, нөмірлеу алмаспайтын болып табылады;

3) әрбір парақ өтінім беруші мөрінің бедерімен күэландырылады (болған жағдайда).

Осы тармақтың талаптары өтінімді веб-портал арқылы беруге қолданылмайды.

16. Өтінімдерді қабылдау (тіркеу) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражаттың бітуіне қарай аяқталады.

17. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат біткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қаралмайды және қайтарылуға жатады. Оператор өтінімді алған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде индустриялық-инновациялық қызмет субъектісіне осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті хабарлама жібереді.

18. Оператор өтінімді және оған қоса берілген құжаттарды тіркеген күнінен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде олардың осы Қағидалардың белгіленген талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Оператор өтінім берушіге осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті хабарлама жібереді.

19. Осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттар толық болмаған немесе өтінім берушінің осы Қағидалардың 9-тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Оператор өтінім берушіге осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті хабарлама жібереді.

20. Өтінім және ұсынылған құжаттар осы Қағидалардың белгілінген талаптарына сәйкес болған жағдайда Оператор 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтінімді он қарау туралы шешім қабылдайды және өтінім берушіге осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті хабарлама жібереді.

21. Оператор шешім қабылдаған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде банк шоттарына не Қазақстан Республикасы Ұлттық пошта операторында ашылған өтінім берушінің шоттарына шығындардың бір бөлігін өтеу сомасын аударады.

22. Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің осы Қағидаларда көзделген шығындарының бір бөлігін өтеу жөніндегі шаралардың тиімділігін анықтау мақсатында Оператор шығындардың бір бөлігін өтеуді алғаннан кейін екі жыл ішінде индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне өтінім беруші осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес тоқсан сайынғы негізде ұсынған ақпарат негізінде оларды іске асыру бойынша мониторинг жүргізеді.

Мониторинг қорытындылары бойынша Оператор бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне бөлінген қаражаттардың мақсатты пайдалану туралы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есеп береді.

Индустриялық-инновациялық  
қызмет субъектілерінің отандық  
өнделген тауарларды, жұмыстар  
мен көрсетілетін қызметтерді  
ішкі нарықта ілгерілету

бойынша шығындарының бір  
бөлігін өтеу қағидаларына  
1-косымша  
Нысан

**Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өндөлген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу туралы индустріялық-инновациялық қызмет субъектісінің өтінімі**

Кімге: \_\_\_\_\_

(Оператордың атауы)

Кімнен: \_\_\_\_\_

(ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетілген занды тұлғаның не жеке кәсіпкердің толық атауы)

Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні \_\_\_\_\_

(куәліктің немесе анықтаманың №, кім және қашан берді)

Ескертпе: \* "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне занды

тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері

бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2012

жылғы 24 желтоқсандағы Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген занды тұлғаны

(филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік занды

тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

БСН (бизнес сәйкестендіру нөмірі) \_\_\_\_\_

Персонал саны \_\_\_\_\_ адам.

Оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматтары \_\_\_\_\_ адам.

Кадрлардағы жергілікті қамтудың үлесі \_\_\_\_ %.

Қызмет түрі \_\_\_\_\_

Тел/факс: \_\_\_\_\_

Банктік деректемелер: \_\_\_\_\_

Алушының банкі: \_\_\_\_\_

БСК: \_\_\_\_\_

1. Субъекті шеккен шығындар1:

Шығындар тізбесі:

Экономикалық қызмет түрі	ҚҚС-сыз шығындар сомасы
--------------------------	-------------------------

Шығындар атавы	ЭКЖЖ коды	атауы	Шығындар жүргізілген шарттың №	Жеткізушіден қызметтерді/ жұмыстарды қабылдау күні	төлемнің валютасы	теңгемен
1	2	3	4	5	6	7
1.						
2.						
...						
Барлығы:						

<sup>1</sup> Кестені толтыру кезінде шот-фактураға сәйкес шеккен шығындардың әрбір сомасын көрсету керек.

Шығындардың бөлігін өтеуге мәлімделген жалпы сома \_\_\_\_\_

теңге. (сомасы санмен және жазумен жазылады)

2. Қагидалардың 12-тармағының талаптарына сәйкес Құжаттар тізбесі:

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

4. \_\_\_\_\_

3. Келісемін:

1) мониторинг шеңберінде мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның – Оператордың бастанқы статистикалық деректерді ашуына;

2) индустримальық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеуді алғаннан кейін екі жыл ішінде осы Қагидаларға 6-қосымшага сәйкес тоқсан сайынғы негізде ақпарат ұсынуға.

Индустримальық-инновациялық  
қызмет субъектілерінің отандық  
өнделген тауарларды, жұмыстар  
мен көрсетілетін қызметтерді  
ішкі нарықта ілгерілету  
бойынша шығындарының бір  
бөлігін өтеу қагидаларына  
2-қосымша

## Хабарлама

Кімге \_\_\_\_\_  
индустримальық-инновациялық қызмет субъектісінің атавы

Осымен индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өнделген

тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша

шығындарының бір бөлігін өтеу туралы индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің

өтінімін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген

қаражаттың бітуіне байланысты қабылдау, тіркеу және қарау мүмкін еместігін хабарлаймыз.

Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өнделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларына  
3-қосымша

## Хабарлама

Кімге \_\_\_\_\_

индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің атауы

Осымен индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өнделген

тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша

шығындарының бір бөлігін өтеу туралы индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің

өтінімінің Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өнделген

тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша

шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларының талаптарына сәйкес келмейтіндігі туралы

хабарлаймыз.

Себеп сипаттамасы: \_\_\_\_\_

Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өнделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларына

## Хабарлама

Кімге \_\_\_\_\_

индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің атавы

Осымен индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өндөлген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеуге индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің өтінімін оң қарастыру туралы хабарлайды.

Өтелуге тиіс сома \_\_\_\_\_ теңгені құрайды.

Индустриялық-инновациялық  
қызмет субъектілерінің отандық  
өндөлген тауарларды, жұмыстар  
мен көрсетілетін қызметтерді  
ішкі нарықта ілгерілету  
бойынша шығындарының бір  
бөлігін өтеу қағидаларына  
5-қосымша

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынатын тұлғалар: отандық өндөлген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін

қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық субъектілер

Қайда ұсынылады: Операторға

Ұсыну мерзімі: есептік кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей тоқсан сайын

№ п/п	Кәсіпорын атавы	Мемлекеттік қолдау шарасының атавы	Өндіріс көлемі	Жаңадан ашылған жұмыс орындары	Салықтың түсімдері	Экспорт көлемі	мың теңге
							9
1	2	3	4	5	8		

Индустриялық-инновациялық  
қызмет субъектілерінің отандық  
өндөлген тауарларды, жұмыстар  
мен көрсетілетін қызметтерді  
ішкі нарықта ілгерілету  
бойынша шығындарының бір  
бөлігін өтеу қағидаларына  
6-қосымша

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынатын тұлғалар: Оператор

Қайда ұсынылады: уәкілетті орган

**Ұсыну мерзімі: есептік кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей тоқсан сайын**

№ п/п	Кәсіпорын атауы	Мемлекет тік қолдау шарасының атауы	Өтінім түскен күні	Мемлекет тік қолдау шарасын беру туралы шешім қабылдау күні	Шығын сомасы		Есептік күніне қаржылан дырылған сомасы	Ағымдағы күйі
					Өтінім берушінің өздік қатысуы	Мемлекет тік қолдау		
1	2	3	4	5	8	9	10	11

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК